

Ұлттық Банк валютаға сұраныс артқан тұста интервенция жүргізді

Қазақстанның валюта нарығы сыртқы нарықтардағы жағдайдың нашарлауы себепті шетел валютасына сұраныстың өсу кезеңін бастан өткеріп отыр. Ұлттық Банктің құбылмалылық пен алыпсатарлық ахуал кезеңіндегі әрекеттері туралы ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Әлия Молдабекова сұхбатында айтып берді.

– **Кеше биржалық валюталық сауда-саттықта осы жылдың басынан бері мәмілелердің ең жоғары көлемі тіркелді, теңге бағамы бір доллар үшін 436 теңге деңгейіне дейін әлсіреді. Бұған не себеп болды?**

– Шынында да, кеше, 2 желтоқсанда биржадағы теңге-доллар жұбымен сауда-саттық көлемі 292 млн АҚШ долларына жетті, бұл 2020 жылғы сәуірден бастап рекордтық деңгейге жатады. Сауда-саттық көлемінің өсуі және бір доллар үшін 436 теңге белгісіне дейін бағамның әлсіреуі шетел валютасына сұраныстың артуы аясында орын алды, ол мынадай факторларға тікелей байланысты болды.

Біріншіден, «Омикрон» штаммының таралуына қатысты алаңдаушылықтың артуына байланысты мұнай бағасының күрт құлдырауы себеп болды. Мәселен, 1 желтоқсанда Brent сұрыпты мұнайдың белгіленген бағасы бір баррель үшін 70 доллардан төмен түсіп, биылғы жылғы тамыздан бастап ең төменгі деңгей – 68,14-ке жетті.

Екіншіден, мұнай бағасының жергілікті ең төменгі деңгейге дейін төмендеуі компаниялар мен жеке тұлғалар тарапынан шетел валютасына қосымша ішкі сұранысты туындатты, **1 желтоқсан Қазақстанда демалыс күні болғандықтан, сұраныстың бір бөлігі ЕДБ онлайн платформалары арқылы іске асырылды.** Сондықтан жүйелері валютаны онлайн айырбастауға мүмкіндік беретін барлық банктер 2 желтоқсан күні таңертең «қысқа» позицияда болды, яғни олар жұмыс уақытынан тыс уақытта өз клиенттеріне сатылған валютаны сатып алуға мәжбүр болды.

Ал сұраныстың бір бөлігі сауда-саттық ашылғаннан кейін бірден биржа нарығына түсті. Сондықтан, кеше банктер өз клиенттеріне «қысқа» позицияны жабу және жаңадан келіп түскен өтінімдерді орындау үшін валюта сатып алды.

Үшіншіден, шетел валютасына айтарлықтай сұраныс бейрезидент инвесторлар тарапынан да туындады. Дамушы нарықтардан валютаның жаһандық әкетілуі аясында бейрезиденттер теңгеден шетел валютасына кері конверттеді. Сұраныстың артуы банкаралық нарықтағы баға белгілеуге әсер етті, мұнда сатып алу бағамы бір доллар үшін 441 теңгеге дейін жетті.

Шетел валютасына сұраныстың оның ұсынысынан айтарлықтай асып түсуі аясында валюта нарығындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында Ұлттық Банк 2 желтоқсанда 64,6 млн АҚШ доллары көлемінде интервенция

жүргізді. Бұл алыпсатарлық ахуалдың күшеюіне және айырбастау бағамының тұрақсыздандыратын ауытқуларына жол бермеуге мүмкіндік берді. Банктердің қысқа позицияларына және бейрезиденттердің шығуына байланысты қосымша сұраныс толық көлемде қанағаттандырылды.

Нарықтардағы жағдай құбылмалы болып қалуда. ФРЖ басшысы Дж. Пауэлдің сандық жеңілдету бағдарламасын барынша қысқа мерзімде тоқтату туралы соңғы мәлімдемесі аясында АҚШ долларының жаһандық нығаюы жалғасуда.

Ішкі нарықта валютаға сұраныс сақталуда. Жылдың соңына таман компаниялар бюджетті игерудің, төлемдерді жүзеге асырудың белсенді кезеңін іске асыруда, бұл шетел валютасына сұранысты қолдайды.

Өндіріс көлемін біртіндеп өсіру туралы алдыңғы уағдаластықты күшінде қалдыру жөніндегі кешегі ОПЕК+ шешіміне қарамастан, мұнай бағасын белгілеу бастапқы *overreaction* (ред. *шамадан тыс ықпал ету*) қалпына келтірді және бір баррель үшін 70 доллар шамасында жабылды.

Жағдайдың одан әрі дамуы көбінесе коронавирустың жаңа штаммының таралу қарқынына және оның вакциналарға төзімділігіне қарай анықталады. Ұлттық Банк жағдайды мұқият қадағалап отырады және нарықты қолдау үшін қолдан келген шараларды қабылдауға дайын.